

Суяндигова Маргисат Кабиденовнаның 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін «Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына АҢДАТПА

Зерттеудің өзектілігі. ЮНЕСКО Халықаралық ұйымының Білім бюросы мен Женева халықаралық мектебінің жасаған «XXI ғасыр білімінің жетекші принциптері» атты құжатында келтірілген он басты принциптің бірінде студенттердің креативтілік ойлау дағдыларын дамыту қажеттілігі баса көрсетілген. Біздің күрделі мәселелерді шешуде креативтік ойлауды қажет ететін заманда өмір сүріп жатқандығымыз, креативтік ойлау дағдыларын қолдану процесі көптеген салаларда жаңа шешімдерге әкелетіндігі, креативтілік дегеніміз – өмірге қажет дағды мен тәсіл екендігі және барлық біліктілік, интеллектуалдық, әлеуметтік және эмоционалдық салаларда қолдау табу керектігі айтылған.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңының 11- бабында жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау, индивидтің ішкі біліми-ғылыми қорын қорландыру мәселелері қарастырылған.

Алдағы уақытта жасанды интеллект адамды қарапайым кәсіптерден ығыстыра бастайды және 2030 жылға қарай 50-ден астам мамандық жоғалып, олардың барлығы алгоритмдермен, дәлірек айтқанда, жасанды интеллект және блокчейнмен алмастырылуы мүмкін. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасының маңызды міндеттерінің бірі – жаңа кәсіптер мен құзыреттіліктердің жаңа ұлттық атласын жасау болды. Давостағы Халықаралық экономикалық форумда 2020 жылға арналған адамға қажет басты дағдылар анықталған болатын, солардың ішінде, креативтілік – үшінші орында. Егер 2015 жылы маманға қажет негізгі он дағдының ішінде креативтілік соңғы орында болса, креативтіліктің маңыздылығы соңғы 5 жыл ішінде бірнеше есе өскені көрінеді. Креативтілік жасанды интелектіге тән қасиет емес, демек, маңызды шешім қабылдау, жылдам өзгеріп тұратын жағдайға жауап беру, шешімнің жақсы нұсқасын таңдай білу, кез келген күрделі мәселені шығармашылық тұрғыдан шешу сияқты функциялар адамның еншісінде бола береді.

Төртінші өнеркәсіптік революция дәуірінде адамдар өздерінің өмірдегі орны туралы ойын қайта қарауы керек. Себебі, тек қана мамандықтар жоғалып қоймайды, сонымен қатар 2030 жылға қарай 180-нен астам жаңа мамандық пайда болады және олардың барлығы дерлік «икемді дағдылармен» (soft skills), соның ішінде, креативтілікпен байланысты. Мұндай жағдайда, кез келген салада қызметкердің біліктілігіне қойылатын талаптар өзгереді, маманның сол талаптарға сай келуі, соларға икемделе,

бейімделе білу қажеттілігі туындайды. Маманның сыни тұрғыдан және креативтік ойлау қабілетіне басты назар аударылады.

Осындай жағдайда қазақ елін әлемдік деңгейдегі өркениетті мемлекеттермен паритетті, тепе-тең дәрежеде болуына студенттердің кәсіби құзыретін арттыруда креативтік ойлау мүмкіндігін ұдайы, толассыз, өздігінен арттыруына жағдай туғызу көзделіп отыр. Өкінішке орай, аталып өткен мақсат бүгінгі таңға дейін орындалды деу ертерек. Оның басты себебі – жоғары оқу орнының оқу үдерісінде студенттердің креативтік тұлғасын қалыптастыруға, креативтік ойлау қабілетін арттыруға, креативтік орта тудыруға басты назар аударылмауы және білімденудің инновациялық технологияларынан гөрі дәстүрлі оқыту әдістеріне басымдық беруінде. Креативті тұлға болмысының, креативтік ойлау іс-әрекетінің мәнін ашу, креативтік ойлау дағдыларын қалыптастыратын әдіс-амалдар мен білімдену технологияларын айқындау қажеттілігі туындап отыр.

Креативтіктің әдіснамалық негіздерін өз еңбектерінде М. Вертгеймер, Дж. Гилфорд, Е.Р. Торренс, С. Медник, Л.А. Тейлор, С.Б. Айзенк, М. Уоллах, Д.Б. Богоявленская, А.В. Брушлинский, А.М. Матюшкин, Н.В. Вишнякова және тағы басқалар қарастырған.

Креативтікті дамыту мәселелерін А.В. Морозов, студенттердің креативтілігін қалыптастыруды Л.Н. Харченко, Б.А. Оспанова, А.С.Швайковский, Қ.М. Нағымжанова, С.А. Нуржанова, Б.К. Сақтағанов, А.Е. Ташбулатова, А.К. Мынбаева зерттеген.

Оқу үдерісінде жеке тұлғаны дамыту мәселесін А.С. Мағауова, студенттердің танымдық іс-әрекетін басқаруды С.М. Джакупов, студенттердің креативтілігін дамытуда инновациялық технологияларды қолдануды Т.Г. Галиев, инновациялық оқыту жағдайында креативтілікті дамытуды Т.Н. Галич өз еңбектерінде қарастырған.

Я.А. Пономарев, А.П. Тряпицын еңбектерінде шығармашылықты зерттеу идеясы тұлғаны дамыту тетігі ретінде, Г.Л. Ильин, А.В. Морозов, В.Г. Рындак зерттеулерінде креативтік білім беру ортасында тұлғаның шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі таныту мәселелерін зерттеген.

Жоғары оқу орындарында студенттерге білім беру мен оқыту мәселелері С.А. Архангельский, В.П. Беспалько, Н.Н. Хан, Б.С. Гершунский, Б.А. Оспанова, Т.С. Садықов, А.Е. Абиькасимова, Н.Д. Хмель, Г.Ж. Менлибекова, Е. Жұматаева, Ғ.М. Кертаева, Н.Э. Пфейфер, А.Л. Сейтешов Е.И. Бурдина және т.б. зерттелген.

Өз шығармаларымен ойлау өнерінің дамуына орасан зор үлес қосқан қазақ халқының ойшылдарын атайтын болсақ, олар: Әбу Насыр әл-Фараби, Қ.Иасауи, Ж. Баласағұни, А. Құнанбайұлы, Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердиев], Мәшһүр-Жүсіп Көпеев және т.б.

Бүгінгі таңда креативтікті арттыру мәселесінің түрлі аспектілері бойынша бай теориялық және ғылыми материал жинақталғанмен, ғалымдардың зерттеулері, талдаулары әлі де креативтік ойлауды арттыратын әдіснаманың, іс-әрекеттердің, ойлау технологиясы кешенінің барынша толық

таңдалмауы осы тақырыпты одан әрі зерттеуді қажет ететіндігін көрсетті және төмендегідей **қайшылықтар** анықталды:

- оқу үдерісінде теориялық білім мен ойлаудың практикалық дағдылары арасында;

- жоғары оқу орнында сабақтың дәстүрлі әдіспен жүргізілуі студенттің шығармашылық әлеуетін іс жүзінде толыққанды пайдалану мүмкіндігін шектеуі мен студенттің креативті тұлға сапасында қалыптасуы қажеттілігі арасында;

- қазіргі қоғамның креативті ойлай алатын маманға деген сұранысы мен жоғары оқу орнының шығармашылық қабілеті жеткілікті дамымаған түлектерден тұратын ұсынысы арасында;

- жоғары білім беру үдерісінде студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыруды қамтамасыз ететін әдіснама қажеттілігі мен оқыту әдіс-тәсілдерінің жете таңдалмауы арасында.

Қарастырып отырған проблеманың көкейкестілігі, оның теориялық-әдіснамалық тұрғыдан жеткілікті зерттелмеуі, практикалық қажеттілігі және аталған қайшылықтарды шешу мақсатында тақырыптың атауы **«Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың ғылыми-теориялық негіздері»** деп алуға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың ғылыми-теориялық негіздерін әдіснамалық тұрғыдан дәлелдеп, оның тиімділігін тәжірибеден өткізу.

Зерттеудің нысаны: Жоғары оқу орнындағы педагогикалық үдеріс.

Зерттеудің пәні: Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың ғылыми-теориялық негіздері.

Зерттеудің болжамы: егер оқу үдерісінде студент пен оқытушы арасында өзара әрекеттесу болса; студент ойлау іс-әрекетінің субъектісі бола алатындай жағдай жасалса; студенттің креативтік ойлау іс-әрекетімен айналасуға ішкі мотивациясы болса; студент креативтік ойлау қабілетінің ашылуына бөгет болатын психологиялық кедергілерді жеңсе; креативтік ойлаудың алғышарты болып табылатын ойлау түрлерін меңгерсе; студентті креативтік ойлау әрекетіне жеткізетін әдіснама, білімдену технологиялары, әдіс-амалдары толыққанды таңдалса, онда студенттің креативтік ойлау қабілеті артады, себебі студенттің креативті тұлғалық болмысы қалыптасады және оның креативтік ойлау дағдылары жаңа идея тудыруға, стандарттан тыс шешім табуға негіз болады.

Зерттеудің міндеттері:

1. Студенттердің креативтік ойлау іс-әрекетіне жеткізу әдіснамасын саралау.

2. Креативті тұлға болмысын айқындайтын компоненттерді анықтау.

3. Креативтік ойлау үдерісінің мәнін және креативтік ойлауға алғышарт болып табылатын ойлау түрлерін айқындау.

4. Студенттердің креативтік ойлау іс-әрекетіне жеткізу әдіс-амалдарын анықтау.

5. Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыру технологиясын іріктеу.

6. «Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбына модель түзу.

7. Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыру моделінің тиімділігін анықтау үшін эксперименталды-тәжірибеден өткізу және студенттердің креативтік ойлау қабілетінің қалыптасу деңгейін анықтау.

Зерттеудің жетекші идеясы: студенттің креативті тұлғалық болмысын қалыптастыру, студенттерді креативтік ойлау дағдыларын меңгеруге ұмсындыру, студенттердің креативтік ойлау іс-әрекетінің нәтижеге қызмет етер амалдарын, әдістерін, жолдарын саралау, бұны ғылыми негізде айқындау үдерісін жүзеге асыруда әдіснамасын құру, оқу үдерісінде диалогтық, проблемалық, проектилеу, интерактивтік және т.б. білімденудің инновациялық технологияларын ұтымды қолдану, моделін жасау, әлемдік білім кеңістігіне ену жағдайында бәсекеге қабілетті маман даярлау.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі:

- креативтік теориясын зерттеу (А.В. Морозов, Т.В. Дронова, М.М. Зиновкина, Е.Е. Щербакова және т.б.);

- шығармашылық теориясы (С.Л. Рубинштейн, Б.М. Теплов, М.Г. Ярошевский, Б.М. Кедров, А.М. Матюшкин, Я.А. Понамарев, А.Н. Лук, А.В. Брушлинский және т.б.);

- жеке тұлға теориясы (А. Адлер;

- креативтіктің гештальт теориясы (М. Вертгеймер, В. Келер, К. Дункер, К. Коффка және т.б.);

- креативтіктің гуманистік теориясы (К. Роджерс, А.Б. Орлов, А. Маслоу, Э. Фромм және т.б.);

- креативтіктің когнитивтік теориясы (М. Боден, Р. Вейсберг, С. Смит, Т. Ворд және Р. Финке);

- креативтіктің бихевиорист теориясы (Б.Ф. Скиннер);

- мотивация теориясы (С.Р. Лурия мен Д.С. Кауфман және т.б.)

- креативтіктің процестік теориясы (М. Мамфорд, М. Мобли, Р. Рейтер-Палмон, С. Ульман мен Л. Доарес);

- креативтіктің көпфакторлық теориясы (Р. Стернберг, Т. Любарт және т.б.);

- шығармашылық әлеует теориясы (А.М. Мелик-Пашаев, А.Н. Леонтьев);

- студенттердің креативтік ойлауын дамыту проблемасын зерттеу (Ф. Баррон, Д.Б. Богоявленская, Е.П. Торренс және т.б.);

- педагогикалық іс-әрекетті технологияландыру идеясы (Л.А. Петровская, Д.В. Черниловский және т.б.);

- тұлғаның танымдық іс-әрекеттері мен интеллектуалды теориялары (М.А. Холодная және т.б.);

- жүйелілік теориялары (В.А. Ганзен, Б.Ф. Ломов және т.б.).

Зерттеу көздері. Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім мәселелерін реттейтін нормативтік құжаттары (Президенттің жарлықтары, ҚР Үкіметінің қаулылары, заңдар); білім беру жүйесінің стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін айқындайтын Ұлттық жобалар мен мемлекеттік бағдарламалар; философиялық, психологиялық-педагогикалық ғылыми еңбектер; білім алушылардың креативтік ойлау қабілетін арттыру бойынша шетел және отандық ғалымдардың зерттеулері; мерзімді ғылыми журналдарда және ғылыми-практикалық конференциялардың жинақтарында жарияланған мақалалар; диссертанттың зерттеу жұмысы зерттеу көздері ретінде қолданылды.

Зерттеу әдістері: Зерттеу пәніне және логикасына сәйкес жұмыста келесі әдістер қолданылды:

- теориялық зерттеу барысында қолданылған әдістер: философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге теориялық талдау; зерттеу мәселесі бойынша нормативтік, заңнамалық құжаттарды оқу және талдау;

- эмпирикалық зерттеу әдістері: «Студенттердің шығармашылық әлеуетін анықтау» және «Креативті тұлға болмысын анықтау» сауалнамалары, ойлау түрлерін диагностикалау тестілері батареясы, Е.Е. Туник, Д.Б. Богоявленская, Т.А. Барышеваның креативтік ойлауды диагностикалау тестісі, А.В. Карповтың рефлексивтілік сауалнамасы, модельдеу, эксперимент;

- педагогикалық эксперимент (анықтаушы, қалыптастырушы және бақылаушы кезеңдер);

- математикалық статистика әдістері: мәліметтерді сандық және сапалық талдауға арналған SPSS әмбебап статистикалық пакеті, диагностикалық құралдардың сенімділігін анықтау үшін Кронбахтың альфа коэффициенті, графиктер.

Зерттеу базасы: Зерттеуге Қазақстанның алты университетінің студенттері қамтылды: Торайғыров университеті, Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті, Қ.И. Сатпаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Шәкәрім атындағы университет, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- студенттердің креативтік ойлау іс-әрекетін ғылыми негізде құрудың әдіснамасы іріктелді;

- студенттердің креативті тұлғалық болмысының компоненттері анықталды;

- креативтік ойлау үдерісінің мәні және креативтік ойлауға алғышарт болып табылатын ойлау түрлері айқындалды;

- студенттердің креативтік ойлау қабілетін сараптамадан өткізіп, оның ілгерілеу үдерісін қамтамасыз ету әдіс-амалдары жүйеленді;

- студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыру технологиясы іріктелді;

– студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың ғылыми-теориялық негіздерінің моделі түзілді.

– студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыру моделі оқу үдерісіне енгізілді және студенттердің креативтік ойлау қабілетінің қалыптасу деңгейі анықталды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы: студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың ғылыми-теориялық негіздері нақтыланды, креативтік ойлау қабілетін арттыру әдіснамалық тұрғыдан (тұлғалық, іс-әрекеттік, рефлексивтік) қарастырылды, креативті тұлғалық болмыс, іс-әрекеттік және рефлексивтік компоненттерінің өлшемшарттары анықталды, студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың теориялық моделі жасалды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: студенттердің креативтік ойлау іс-әрекетіне жеткізудің амалдары, әдіснамасы таңдалды; студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыру барысында креативтік ойлау іс-әрекетін айқындау үшін диагностикалық құралдар таңдалды.

Зерттеу барысында әдістемелік тұрғыдан құнды нәтижелерге қол жеткізілді:

- 5B050300 «Психология» мамандығы бойынша білім алушылар үшін «Креативтік ойлаудың теориялық негіздері» элективтік курс бағдарламасы әзірленіп, оқу үдерісіне енгізілді;

- жоғары оқу орнының бакалавриат бойынша білім алушылары, оқытушылары үшін «Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыру негіздері» атты оқу құралы әзірленді және Торайғыров университетінің оқу үдерісіне енгізілді.

Білім беру ұйымдарының оқытушыларына зерттеу материалдары мен басылымдарын студенттерге сабақ өткізу, сондай-ақ, олардың өздік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру барысында пайдалануға мүмкіндік пайда болды.

Зерттеу нәтижелерінің негізділігі мен шынайылығы зерттеудің теориялық қағидалары әдістемелік тұрғыдан негізделді: студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыру мәселесінің жүйелік тұрғыдан қарастырылуы; теориялық нысанды эксперименттік тәжірибеден өткізіп, алынған нәтижелердің дәлелденуі; зерттеудің мақсаты мен міндеттерінің болжамға сәйкес келуі; эксперименттің ұзақтылығы; сандық және сапалық талдаулардың үйлесімділігі; мәліметтердің статистикалық талдануы; тексерілген оң нәтижелердің алынуы; зерттеу нәтижелерінің оқу үдерісіне енгізілуі.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

– бірінші қорғауға ұсынылатын тұжырым ретінде студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың теориялық-әдіснамалық аспектілері зерттелді;

– екінші тұжырым бойынша аксиологиялық тұрғыда студент құндылық сапасында қарастырылып, студент ойлау іс-әрекетінің субъектісі,

оның ішкі мотивациясының, рефлексиясының негізінде студенттің креативті тұлғалық болмысы қалыптасатыны айқындалды;

– үшінші тұжырымда креативтік ойлау үдерісінің мәні және студенттің креативтік ойлаудың алғышарты болып табылатын ойлау түрлерін теориялық және практикалық тұрғыдан меңгеруі барысында креативтік іс-әрекетке ынталы болуы, студенттің экзистенционалдық болмысының креативтік іс-әрекетте көрініс табатыны қарастырылды;

– төртінші тұжырымда студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыратын амалдар, әдістер жүйеленді;

– бесінші тұжырым ретінде студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыратын білімдену технологиялары іріктелді;

– алтыншы қорғауға ұсынылатын тұжырым ретінде алдыңғы тұжырымдар негізінде студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың моделі жасалды;

– жетінші қорғауға ұсынылатын тұжырым ретінде барлық тұжырымдар негізінде студенттердің креативтік ойлау қабілеті эксперимент арқылы тексерілді.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу: халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда (Павлодар, 2019; Брюссель, 2021) – 2 жарияланым; ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған журналдарда (С. Торайғыров атындағы «ПМУ хабаршысы», педагогикалық сериясы; Халықаралық ғылыми журнал «Қазақстанның ғылымы мен өмірі»; «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. «Педагогика. Психология. Социология» сериясы» - 3 жарияланым; Scopus мәліметтер базасында тіркелген шетел журналында жарыққа шыққан ғылыми мақала (Ресей Федерациясы, 2021) – 1 жарияланым; 1 элективтік курс және 1 оқу құралы ұсынылған.

Диссертацияның құрылымы: диссертациялық жұмыстың құрамына негізгі бет, нормативтік сілтемелер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулар, кіріспе, үш бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалар кіреді.